

Хаттама I

Мәдени жалпы орта білім беретін мектебінің әдістемелік кеңес отырысы өткізілді.

Қатысқандар: 1. Мектеп ДБІЖО Аршабаев.С.

2. Әдістемелік бірлестік жетекшілері.

Күн тәртібінде

1. 2022-2023 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс жоспарын бекіту, әдістемелік кеңес құрамын белгілеу.
2. Пәндер бойынша жүктеме сағаттарын бөлісіп, күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды бекітуге ұсыну. Тілдер апталығының өту барысын жоспарлау.
3. Аттестаттаудан өтетін мұғалімдерге құжаттарын жинақтауға нұсқаулар беру. Жас мамандар мен тәлімгерлер жұмыс жоспарын бекіту.
4. Дарынды балалармен жұмыс жүргізу жоспарын түзу және атқару жолдары. ӘБ бойынша мұғалімдердің оқушыларды пән олимпиадасына дайындау барысы жоспарлау.
5. Білім класс және электронды журналдарын толтыру туралы нұсқаулық беру.
6. ББЖМ және «PISA- мектептер үшін» дайындық жұмыстары.

Жиналысты Мектептің ДБІЖО Аршабаев.С ашып күн тәртібіндегі мәселені талқылауға тастады. Онда бірінші мәселе бойынша 2022-2023 оқу жылын білім сапасы 58% - бен оқу жылын аяқтағанымызды, жаңа 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс жоспарын бекіту, әдістемелік кеңес құрамын белгілеу бойынша өз ойын айтып әдістемелік бірлестік жетекшіліктеріне кімді әдістемелік кеңес мүшелігіне ұсынатындығын сұрады. Ұстаздар қауымы талқылай келе тілдер бірлестігінен Балқыбекова Қ, тарих география бірлестігінен Құрақбаева Ф, физика математика бірлестігінен Назар Л, эстетикалық пәндер бірлестігінен Көлдірова А мен Пернебек Н, Бастауыш пәндер бірлестігінен Базарбекова А және Бастықова Г есімді ұстаздарымыз - ды ұсынып әдістемелік кеңес жоспарын талапқа сай деп ұсыныстарын білдіріп кетті. Бірлестік жетекшілеріне алдағы жылға әдістемелік жұмыс жоспарын ұсынып талқылауға тастады.

Екінші мәселе бойынша сөз алған кеңес мүшесі Назар Л пәндер бойынша жүктеме сағаттарының талапқа сай әр мұғалімге 16 сағат жүктеме - сімен бөлінгенін құптап өз ойын білдіріп өтті. Сонымен қатар ұжымдағы әрбір ұстаздың өз деңгейінде күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды бекітуге ұсынғандығын құп көрді. Тілдер апталығының өту барысын жоспарлау

жөнінде тілдер бірлестігінің жетекшісі Балқыбекова Қ сөз алып апталықтың жоспарымен таныстырып, биылғы онкүндік ерекше деңгейде аталып өтілетіндігі туралы атап өтті.

Үшінші мәселеде аттестаттаудан өтетін мұғалімдерге құжаттарын жинақтау туралы директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Абдраймов Талғат ағай айтып өтті. Биылғы жылы мектебімізден бірнеше мұғалімнің аттестацияға қатысатындығы, аттестацияның ерекшеліктері туралы баяндады. Аталған ұстаздарымызға өз уақымен құжаттарды әкеліп өткізу тапсырылды. Жас мамандар мен тәлімгерлер жұмыс жоспарын бекіту жөнінде математика пәнінен келген жас маман А.Құлдыбайға тәлімгер ретінде Е.Артық белгіленетінін ескертті.

Төртінші мәселе бойынша дарынды балалармен жұмыс жүргізу жоспарын түзу және атқару жолдары. ӘБ бойынша мұғалімдердің оқушыларды пән олимпиадасына дайындау жөнінде сөз алған Құрақбаева Ф апайымыз дарынды оқушылар біздеде бар алдыңғы ондыққа кіруге мүмкіндігіміз бар екендігі ол тек еңбекпен келетіндігі туралы айтып өтті. Осы жерде олимпиадаларға дайындық жоспарлары талқыланып барлығыда бір ауыздан мақұлдап өтті.

Бесінші мәселеде Білім класс және сынып журналдарын толтыру туралы нұсқаулық беру жөнінде сөз алған мектеп админі Л Назар интернет - тің қосулы тұрғаны ата аналардың оқушылар мен ұстаздар қауымының толық тартылғаны туралы өз ойын айтып өтті. Бір қиыншылығы тек ата аналар уақытында балалары туралы мәліметті кеш көретіндігі туралы ойын айтып қынжылыс білдірді.

Алтыншы мәселеде ББЖМ және «PISA- мектептер үшін» дайындық жұмыстары биылғы жылы қатаң түрде күшейтілу қажеттілігі ескертілді. 4- ші және 9- сыныптарға сабақ беретін пән мұғалімдері ББЖМ және 15 жасқа толған оқушылар үшін «PISA- мектептер үшін» дайындық жоспарларын түзіп, дайындық -ты жүргізу қажеттілігі ескертілді. Дайындық жұмыстарын жүргізу үшін мектептегі қажетті компьютерлерді қосу, қосымша қағаз негізінде жүргізе беруді ескертті.

Шешім

Жиналыс талқылай келе мынадай шешім қабылдады. Қойылған ұсыныстар қанағаттанарлық деп танылсын және әрбір мәселе өз уақында тыңғылықты орындалсын.

Жиналыс төрасы:  Аршабаев.С

Хатшы:  Пернебек.Н

Хаттама 2

Мәдени жалпы орта білім беретін мектебінің әдістемелік кеңес отырысы өткізілді.

Қатысқандар: 1. Мектеп ДБІЖО Аршабаев.С.

2. Әдістеме кеңес мүшелері.

Күн тәртібінде

1. 1-тоқсан қорытындысы.
2. Оқушылардың мектепішілік пән олимпиадасының қорытындысы. Мұғалімдердің аудандық пән олимпиадасының қорытындысы.
3. Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс барысы. Оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыру және білім сапасын көтерудің тиімді әдіс- тәсілдері .(есеп)
4. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша 1 жартыжылдықта атқарған жұмыстар есебі.
5. Тарих/география, химия, биология пән апталығына дайындық.
6. ББЖМ және «PISA- мектептер үшін» дайындық жұмыстары барысын талдау.

Жиналысты Мектептің ДБІЖО Аршабаев.С ашып күн тәртібіндегі мәселені талқылауға тастады. Онда бірінші мәселе бойынша сөз алған мектеп админі Назар Л бірінші тоқсан қорытындысын талқыланып, барлық ұстаздар қауымы тоқсанды уақытылы қорытқандығы және ешқандай кемшіліктер жоқ екендігі аудандық білім бөліміне мәліметтер уақытында жеткендігі туралы айтты.

Екінші мәселе бойынша сөз алған төраға С.Аршабаев бірінші тоқсанда мектепішілік олимпиада бойынша айтарлықтай жетістіктеріміз бар екендігі, «Алтын сақа», «Алтын түлек» олимпиадаларына дайындықты күшейту қажеттігімізді, өткен жылдағыдай жетістікке жетуімізді ескертті. «Зерде» ғылыми зерттеу жобасына биылғы жылы қатыстырған оқушыларымыздың арасында 11-сынып оқушысы Молдаш Қарақат тарих секциясынан, 8-сынып оқушысы Лесбек Ердос қоршаған ортаны қорғау, адам денсаулығы секциясы бойынша қатысып екінші және үшінші орынға ие болғандығы туралы айтты. М.Әуезов атындағы Университетінде өтетін ХІ Республикалық «Жастардың ғылыми революция әлеміндегі ғылыми шығармашылығы» атты жас ғалым - дар мен жас зерттеушілер конференциясына оқушыларымызды қатыстыруымызды Алтын сақадан математика пәнінен сұраныс берілгендігі жөнінде атап өтті. 5-6 сыныптар арасында математика пәнінен үш оқушымыз аудандық кезеңге жолдама алды. География пәнінен 6-сынып оқушысы Егізбай Бекзат аудан көлемінде ІІІ орынға ие болды.

Үшінші мәселе бойынша сөз алған бастауыш пәндер мұғалімі Базарбекова А сөз алып алдымен дарынды және үлгерімі төмен оқушылардың жоспарын жасау қажет екендігі туралы айтса, информатика пәні мұғалімі Назар Л өз

есебінде білім сапасын көтеруде 300 ден астам жаңа технологияның бар екенінде атап өтті.

Төртінші мәселеде жаңартылған білім беру мазмұны бойынша бірінші жартыжылдықта атқарған жұмыстар есебі туралы берген мәліметтер талқыға түсті. Оқушылардың білім деңгейі қанағаттанарлық екендігі туралы айтылып, әйтседе білім сапасын арман қарай көтеру қажеттілігі сөз болды.

Бесінші мәселе бойынша сөз алған бірлестік жетекшісі Құрақбаева Фарида апай апталық 16 – Желтоқсан Тәуелсіздік күні мерекесіне орай онкүндік етіп өтілетіндігі ескертіп өтті.

Алтыншы мәселеде сөз алған С.Аршабаев ББЖМ және «PISA- мектептер үшін» дайындық жоспарға сай түскі уақытта кесте бойынша аптасына екі реттен өтіліп жатқандығын айтты. Әйтседе кей сыныпта оқушылардың кей кездері аз келіп жатқандығында айтып, ата-аналарға сынып жетекшілері арқылы түсіндірме жұмыстарын жүргізу керек екендігін және мұғалімдер бір бірінің сабақтарына еніп әдістемелік жұмыстарды арттыру қажет екендігін ескертті.

Шешім

Жиналыс талқылай келе мынадай шешім қабылдады. Бірінші тоқсан қорытындысы мен олимпиадаларға қатынасу қанағаттанарлық деп танылсын.

2. Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс барысы. Оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыру, білім сапасын көтеруде түрлі технологияларды пайдалана отырып жұмыс барысы жандандырылсын.

3. ББЖМ және «PISA- мектептер үшін» дайындыққа оқушыларды тарту арман қарай жетілдірілсін.

Жиналыс төрасы:  Аршабаев.С

Хатшы:  Пернебек.Н

Хаттама 3

Мәдени жалпы орта білім беретін мектебінің әдістемелік кеңес отырысы өткізілді.

Қатысқандар: 1. Мектеп ДБІЖО Аршабаев.С

2. ДБІЖО Абдраймов.Т

3. Әдістеме кеңес мүшелері.

Күн тәртібінде

1. I жарты жылдықтағы атқарылған іс-шаралар есебі.

Тарих/география, химия биология апталығының қорытындысы. Тілдер апталығының (қазақ, орыс, ағылшын) ұйымдастырылуы.

2. Озық педагогикалық іс- тәжірибені тарату . Үздік кабинет байқауына дайындық, кабинеттердің материалдық техникалық базасын нығайту туралы

3. Пән апталықтарының қорытындысы.

4. Физика, математика апталығының (физика,математика, информатика) ұйымдастырылуы.

5. ББЖМ және «PISA- мектептер үшін» дайындық жұмыстары барысы.

Жиналысты Мектептің ДБІЖО Аршабаев.С ашып күн тәртібіндегі мәселені талқылауға тастады. Онда бірінші мәселе бойынша I жарты жылдықта атқарылған іс-шаралар туралы баяндап өтті. Білім сапаның өсуі жөнінен 1-тоқсанда 44,3% көрсетсек 2 тоқсанда 53,2% көрсеткенімізді яғни 8,9%- ға өсім бар екенін атап өтті. Сонымен қатар 5-қыркүйек тілдер мерекесінің қанағаттанарлық дәрежеде аталып өтілгендігі туралы баяндап, «Зерде» ғылыми жобалар байқауында бір оқушымыз аудан көлемінде үшінші орынды иеленсе, 8-11 сыныптар арасында ғылыми жоба байқауында екі оқушымыз аудан көлемінде екінші және үшінші орындарды иеленгендігін, «Кенгру» ойын конкурсына бір оқушымыз қатысып III дәрежелі дипломмен марапат - талса, География пәнінен Ұлттық олимпиадаға бір оқушымыз қатысып 3-орынмен марапатталғанын, 5-6 сыныптар арасында Алтын сақа олимпиада - сына 4 оқушымыз қатысып аудан көлемінде екі оқушы 2-ші орынмен, бір оқушы 3-ші орынмен, бір оқушы мақтау қағазымен марапатталғанын атап өтті, сонымен қатар 3-4 сыныптар арасында Алтын сақа олимпиадасына 4 оқушымыз қатысып екі оқушымыз аудан көлемінде 3-орынмен марапатталғанын, спорттан жасөспірімдер арасында бокстан бір оқушымыз облыста екі рет бірінші орынмен марапатталғандығын, 9-11 сыныптар арасында Ауыл олимпиадасының облыстық кезеңіне төрт оқушымыз өтін екі оқушы бірінші орынмен, екі оқушы үшінші орынмен марапатталғанын, 9-11 сыныптар арасында жалпы пәндер арасында аудан көлемінде төрт оқушымыз жеңімпаз атанып, бір оқушымыз математика пәнінен облысқа жолдама алғандығын атап өтті. ҰБТ-ға дайындық жүргізіліп жатқандығы оқушылар түскі уақытта дайындыққа келіп жатқандығын баяндады. Яғни бірінші жарты жылдық бойынша жетістігіміз баршылық екендігін айтып кетті.

Тарих география апталығының өтілуі туралы бірлестік жетекшісі

Ф Құрақбаева баяндап апталықтың 16-желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай өткізілгендігін атап барлық іс шаралар өз дәрежесінде аталып өткендігін баяндап өтті. Тілдер мерекесі туралы Қ Балқыбекова баяндап оған қазақ, орыс, ағылшын пән мұғалімдерінің ат салысқанын барлық материалдар мен құжаттар рәсімделіп қойылғанын баяндады.

Екінші мәселе бойынша сөз алған кеңес мүшесі Г.Бастықова озық педагогика –лық іс тәжірибені тарату жөнінде былтырғы жылы Ф.Құрақбаеваның іс тәжір-биесінің таралғандығы биылғы жылы өзінде осы мәселеге кірісін жатқандығын атаса, үздік кабинет жөнінде Д.О.Ж.О. Т.Абдраймов өз ойын айтып өтті. Онда барлық кабинеттің жаңадан жабдықталғанын қажетті құрал жабдықтардың кабинеттерге берілгенін тек соны күтін көздің қарашығындай сақтау жөнінде, гүлдендіру жөнінде баяндады.

Үшінші мәселе бойынша пән апталықтарының қорытындысы жөнінде бұл жарты жылдықта тек бір ғана пән апталығының өткендігі оның өтілуі жөнінде Ф Құрақбаева баяндап өткендігін айтты.

Төртінші мәселеде физика, математика апталығының (физика,математика, информатика) ұйымдастырылуы жөнінде бірлестік жетекшісі Л Назар баяндап апталықтың ақпан айының бірінші аптасына жоспарлап отырғандығы жоспардың түзіліп барлық ұстаздар дайындық үстінде екендігін баяндады.

Бесінші мәселе бойынша сөз алған С.Аршабаев ББЖМ және «PISA-мектептер үшін» дайындық жоспарға сай түскі уақытта кесте бойынша аптасына екі реттен өтіліп жатқандығын айтты. Әйтседе кей сыныпта оқушылардың кей кездері аз келіп жатқандығында айтып, ата-аналарға сынып жетекшілері арқылы түсіндірме жұмыстарын жүргізу керек екендігін ескертті. Сонымен қатар мектебіміз көктемгі мезгілде зерделеуден өтетіндігін құжаттардың түзілуін оның сабаққа кедергісіз жасалуын ескертті.

Шешім

Жиналыс талқылай келе мынадай шешім қабылдады. Бірінші жарты жылдық қорытындысы мен олимпиадаларға қатынасу қанағаттанарлық деп танылсын.

2. Физика математика апталығының өтілуіне дайындық күшейтілсін.

Оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыру, білім сапасын көтеруде түрлі технологияларды пайдалана отырып жұмыс барысы жандандырылсын.

3. ББЖМ және «PISA- мектептер үшін» дайындыққа оқушыларды тарту арман қарай жетілдірілсін.

Жиналыс төрағасы:  Аршабаев.С

Хатшы:  Пернебек.Н

Хаттама 4

Мәдени жалпы орта білім беретін мектебінің әдістемелік кеңес отырысы өткізілді. Наурыз айы.

Қатысқандар: 1. Мектеп ДБЖО Аршабаев.С
2. ДОЖО Абдраймов.Т
3. Әдістеме кеңес мүшелері.

Күн тәртібінде

1. 3-тоқсан қорытындысы.
Аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен өтілетін іс-шараларға, байқауларға қатысу.
2. Физика, математика, бастауыш сыныптар әдістемелік бірлестігінің пән апталығының есебі.
3. Эстетикалық пән апталығының ұйымдастырылуы.
4. Педагогикалық іс-тәжірибенің таратылуы.

Жиыналысты Мектептің ДБЖО Аршабаев.С ашып күн тәртібіндегі мәселені талқылауға тастады. Онда бірінші мәселе бойынша 3 тоқсанда атқарылған іс-шаралар туралы баяндап өтті. Білім сапаның осуі жөнінен 1-тоқсанда 53,2% көрсетсек 2 тоқсанда 55,1% көрсеткенімізді яғни 2,1%- га өсім бар екенін атап өтті. Сонымен қатар аудан және облыс тарапынан тексеру нәтижесінде біршама кемшіліктер болғаны, оны түзету жұмыстарын жүргізіліп жатқаны, кемшілікті жою әрекеттерін әрмен қарай жалғастыруымызды ескертті. Екінші мәселе Физика, математика, бастауыш сыныптар әдістемелік бірлестігінің апталығының өтілуі туралы бірлестік жетекшісі Назар Лаура баяндап апталықтың іс шаралар өз дәрежесінде аталып өткендігін баяндап өтті. Онда пән мұғалімдерінің жоспар түзіп, апталықтың барысымен таныстырылғаны оқушылардан тест алынып, пәндік ашық сабақтар өз дәрежесінде өтілгені, тек математика пәні мұғалімі Үмбеталиев Тастанәлінің ауырып қалуына байланысты ашық сабағы кейінге қалдырылғаны айтылды.

Бастауыш сынып әдістеме бірлестігінің апталығы туралы ӘБ жетекшісі Базарбекова Айнұр баяндап апталық өз дәрежесінде өтіліп, оқушылардың білім сапасын арттыратын, қиялын ұштастыратын түрлі байқау негізінде өтілгендігін баяндады. Апталыққа барлық пән мұғалімдерінің ат салысқанын барлық материалдар мен құжаттар рәсімделіп қойылғанын баяндады.

Үшінші мәселе бойынша сөз алған кеңес мүшесі Эстетикалық пәндер бірлестігінің жетекшісі Көлдірова Азиза құрамындағы барлық ұстаздарының апталыққа дайын екендігі алайда пән апталықтарын алдағы уақытта басқа мезгілге ауыстырылуын сұранды. Себебі биылғы жылы пән апталығы аудандық көркем өнерпаздар байқауымен сәйкес келіп тұрғандығын айтты. Бұл ұсынысына кеңес мүшелері жылда бұлай бола бермейтінін айтып, оқушы киіміне басқанда қажеттіліктеріне ұжым көмектесеміз деп шешті.

4. Педагогикалық озық іс тәжірибені тарату жөнінде биылғы жылы Ф.Құрақбаеваның іс тәжір-биесінің таралғандығы биылғы жылы оңда осы

мәселеге кірісіп жатқандығын атаса, одан бөлек бастауыш пәнінің мұғалімі Базарбекова Айнұрдың «Бастауыш сыныпта кіріктіре оқыту әдістемесі» авторлық бағдарламасы және АӘД пәні мұғалімі Жакипов Әбдібектің авторлық бағдарламалары кеңесте талқыланып мектепте қолданылып, ауданға ұсынылуды кеңес мүшелері бірауыздан қолдады. Үздік кабинет жөнінде ДҚОЖО Т.Абдраймов өз ойын айтып өтті. Онда барлық кабинеттің жаңадан жабдықталғанын қажетті құрал жабдықтардың кабинеттерге берілгенін тек соны күтіп көздің карашығындай сақтау жөнінде, гүлдендіру жөнінде баяндады. Биылғы жылы физика кабинетіне мемлекет тарапынан 13 млн астам қаржы бөлініп пән кабинеті қайта дайындалғанында атап өтті.

Шешім


Жиналыс талқылай келе мынадай шешім қабылдады. Үшінші тоқсан қорытындысы мен олимпиадаларға қатынасу қанағаттанарлық деп танылсын.

2. Физика математика және бастауыш пән апталығының өтілуі қанағаттанарлық деп танылсын және алдағы уақытта денсаулығына байланысты өз ашық сабағы өте алмаған Үмбеталиев Т қайта өтсін.

3. Эстетикалық пәндер бірлестігі апталығына дайындық күшейтілсін. Оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыру, білім сапасын көтеруде түрлі технологияларды пайдалана отырып жұмыс барысы жандандырылсын.

3. Педагогикалық озық іс тәжірибені тарату жөнінде ұжым мүшелері әріптестерінің сабағына еніп, әдіс алмастырылсын.

Жиналыс төрасы:  Аршабаев.С

Хатшы:  Пернебек.Н

Хаттама 5

Мәдени жалпы орта білім беретін мектебінің әдістемелік кеңес отырысы өткізілді. Мамыр айы.

Қатысқандар: 1. Мектеп ДБЖО Аршабаев.С

2. ДБЖО Абдрайым.Т

3. Әдістеме кеңес мүшелері.

Күн тәртібінде

1. Эстетикалық пәндер бірлестігі апталығының есебі.
2. Атқарылған іс шаралардың жылдық қорытынды есебі.
3. ӘБ жетекшілері, шығармашыл топтың, ОҒҚ және жас маман мектебінің есебі.
4. Педагогдардың аттестаттау қорытындысы. Жаңа оқу жылына жоспар құру.

Жиыналысты Мектептің ДБЖО Аршабаев.С ашып күн тәртібіндегі мәселені талқылауға тастады. Онда бірінші мәселе бойынша І жарты жылдықта атқарылған іс-шаралар туралы баяндап өтті. Білім сапаның өсуі жөнінен мектебіміз сатылай өсіп келе жатқандығын атап, өсім бар екеніндігін айтты. Эстетикалық пәндер бірлестігінің жетекшісі Көлдірова Азиза апталықтың өз дәрежесінде өткенін барлық іс шаралардың жоспарға сай өткенін, оқушылар көктемгі көркем өнерпаздар фестиваліне қатысып, би жанры бойынша ауданға жолдама алғандығында мақтанышпен айтты. Көмектері үшін ұжым мүшелеріне өз алғысын білдірді.

Екінші мәселе бойынша сөз алған С Аршабаев биылғы жылы мектебіміз үшін ауыр болғандығы түрлі сынақтардан өтіп, бірнеше аудан тарапынан және сапаны бақылау департаменті тарапынан тексерулер өткендігін айтып, алайда іс шараларымыз өз дәрежесінде жүргендігі жыл басында құрылған жоспарға сәйке жүріп отырғандығын айтып жылдық есебін жасады. Үшінші мәселе бойынша сөз алған физика математика пәні бірлестік жетекшісі Назар Лаура мектебімізде жас мамандармен жұмыстың арттырылғандығы, оларға ұжым мүшелерінің және бекітілген тәлімгерлерінің өз дәрежесінде көмек көрсеткендігін атап өтті. Сонымен қатар ОҒҚ мектебімізде жақсы жұмыс жасап информатика пәні мұғалімі Бастықова Сәуленің дайындаған оқушысы Лесбек Ердостың «Сүт өнімдері» тақырыбындағы ғылыми жұмысы тарих пәні мұғалімі Құрақбаева Фариданың оқушысы Молдаш Қарақаттың ғылыми жұмыстары аудан көлемінде екінші және үшінші орындармен марапатталғандығы айтылып, жетекшілері алдағы уақытта марапатқа ұсынылуын айтып өтті.

Төртінші мәселе бойынша сөз алған мектебіміздің ДБЖО Т.Абдрайымов Педагогдардың аттестаттау қорытындысы туралы айтып біршама ұстаздардың аттестаттау уақыты жетіп қалғандығы уақытында тест орталықтарына құжаттарын жүктеп алуын айтып, биылғы жылы аттестаттауда біршама өзгерістер болғандығын атап ескертіп өтті. Арасында біршама жас мамандарымыз педагог модератор санатына өтініш тастағанын өз баяндамасында айтып өтті.

Шешім

Жиналыс талқылай келе мынадай шешім қабылдады. Эстетикалық пәндер бірлестігі апталығы қанағаттанарлық деп танылсын.

2. ОГҚ және жас маман мектебінің есебі қанағаттанарлық деп танылып, жетекші анайлары алдағы уақытта марапатқа ұсынылсын.

Жиналыс төрасы:  Арнабаев.С

Хатшы:  Пернебек.Н